



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 19 қарашадағы № 142-V Заңы

2013 жылғы 15 сәуірде Душанбеде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы
КЕЛІСІМ**

(2014 жылғы 20 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 2, 15-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі (б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р) қалыптасқан өзара достық қарым-қатынастар мен әскери саладағы ынтымақтастықты күшейтуге ниет білдіре отырып, 1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тәжікстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуына көмек көрсету мақсатында Қазақстан тарапы Тәжікстан тарапына өтеусіз әскери-техникалық көмек береді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай уәкілетті органдарды т а ғ а й ы н д а й д ы :

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
Тәжікстан тарапынан - Тәжікстан Республикасы Қорғаныс министрлігі.

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап

Қазақстан тарапы Тәжікстан тарапына осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген әскери мүлікті өтеусіз беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетеді.

4-бап

Қазақстан тарапы әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан Тәжікстан Республикасының аумағына (Душанбе қаласы) дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе кемесімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптардың уәкілетті органдары тағайындаған өкілдер оларды тиісінше қабылдауды және беруді жүргізеді.

Бұл ретте Душанбе қаласына дейінгі көлік шығыстарын Қазақстан тарапы төлейді.

Тәжікстан тарапы Тәжікстан Республикасындағы кедендік рәсімдерді ресімдеу үшін шығыстарды өзі көтереді және жауапты болады.

Тараптардың уәкілетті органдарының өзара уағдаласуы бойынша Тәжікстан тарапы да осы мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан дербес әкетуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында берілетін мүлікті кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тәжікстан тарапы осы Келісімге қосымшада көрсетілген, Қазақстан тарапынан алынған мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермейді.

6-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

7-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің 5-бабын қоспағанда, осы Келісім Тәжікстан тарапына осы Келісімге

сәйкес берілетін әскери мүлік толық берілген кезден бастап өз қолданысын тоқтатады, оны Тараптар дипломатиялық арналар арқылы растайды.

2013 жылғы 15 сәуірде Душанбе қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы өтеусіз әскери-техникалық
көмек көрсету туралы келісімге
қосымша

Берілетін әскери мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	5,45 ПС кәдімгі оғы бар 5,45 мм патрон	дана	43 200
2.	1943 жылғы үлгідегі 7,62 ПС болат өзекті оғы бар 7,62 мм патрон	дана	21 120
3.	7,62 мм ЛПС патроны	дана	14 080
4.	Ф-1 қол гранатасы	дана	240
5.	РГД-5 қол гранатасы	дана	160
6.	Қару майы	тонна	1

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Келісімнің тәжік тіліндегі мәтіні берілген.